

Табиғатты тиімді пайдаланудың
экономикалық механизмі.
ҚР минералды-шикізат ресурстарын
тиімді пайдаланудың жалпы
сипаттамасы

► Орындаған: Өскенбай Б

- ▶ Табиғи ортаны қорғау, табиғат байлығын тиімді пайдалану, оған барлық халық, жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар мүдделі болғанда ғана ауқымды және нәтижелі болады. Мүдделілікті экономикалық ынталандыру тетіктері арқылы басқаруға болады. Экономикалық басқару механизмдері қолданып табиғатты қорғауға, тиімді пайдалануға жағдай жасалады. Экономикалық жолмен басқарудың ерекшелігі, мұнда ешкімді күшпен зорлап емес, әркімнің өз еркімен табиғатты қорғауға, оның байлығын молайтып, тиімді пайдалануға жұмылдырылады. Табиғи ортаға зиян келтіру, табиғат ресурстарын ысырапқа ұшырату ең бірінші кезекте оған жол бергендердің өзіне тиімсіз болады.
- ▶ Экономикалық мүдде тудырудың басты әдістері: *жоспарлау, шаруашылық есеп және экономикалық ынталандыру*. Бұл әдістер баға, қаржыландыру, несие, материалдық сыйлық және жауапкершілік, табиғат пайдалану төлемдері, экологиялық нормативтер, т.б. экономикалық тетіктер арқылы жүргізіледі.

- ▶ Қазақстан өзінің жер қайнауының байлығымен әйгілі. Оның байлығы территориясының геологиялық құрылысы мен даму ерекшеліктеріне байланысты. Тау түзілу кезінде магмалық жыныстар енгенде және шөгінді жыныстар метаморфтанғанда, рудалар және түрлі минералдар пайда болады. Қатпарлы жақпарлы таулар (Алтай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань) қатты бұзылып күшті кемірілген сайын рудаға бай теңдігі жатқан тау жыныстары жер бетіне жақындап кейде тіпті жер бетіне шығып қалған. Көбіне бұзылған ескі таулардан рудалы қазбалар табылады.
- ▶ Қазақстан қазір хром, ванадий, рений, висмут, фтор қоры жағынан дүние жүзінде бірінші орын алады. Ал темір, хромит, қорғасын, мырыш, вольфрам, молибден, фосфорит, мыс, калий және кадмий қорынан елімізде алдыңғы орындардың бірінде. Пайдалы қазбалар кен орындары үш топқа бөлінеді: жанатын, рудалы және рудасыз.

КӨМІР АЛАБТАРЫ

Қазіргі кезде **Қарағанды** алабы 3600 км² жерді алып жатыр. Бұл **Қазақстанның** негізгі көмір базасы.

Қарағанды көмірі кокстелетіндіктен сапасы өте жоғары. Тас көмірдің 80 қабаты анықталған, олардың жалпы қалыңдығы 120 м. Көмірдің барланған жалпы қоры 60 млрд т.

Маңызы жағынан екінші орынды

Екібастұз көмір алабы алады. Павлодар облысында ауданы 160 км², қазып алынатын көмір қабатының қалыңдығы 150 м. ашық әдіспен өндірілетін болғандықтан, еліміздегі көмірдің ең арзаны болып табылады.

▶ Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасын бекіту туралы

▶ «Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Экология мен экономика өзара байланысты

Табиғатты пайдалану(өндіріс)	
Табиғат байлығын өндіретін өндірістік салалар	Өндірістік шаруашылықты табиғатты қорғау шаралар
Табиғат байлығын есепке алу, оның өнімділігін жаңғырту(молайту)	Табиғат байлығын барлау, өндіру және ұқсату
Атмосфераны, су көздерін, жерді, жер қойнауын қорғау	Қалдықтарды пайдалану
Табиғат байлығын жаңғырту (қалпына келтіру,молайту) экология	

- ▶ **Табиғат байлықтарының қоғамдық пайдалылығын арттыру және ұлғаймалы қалпына келтіру.** Табиғат байлығын пайдаланушы салаларда ұлғаймалы өндіріс мына төмендегі шарттар сақталғанда мүмкін болады:
- ▶ • шикізат өндіру қарқыны материалдық өндіріс қарқынынан төмен болуы керек;
- ▶ • шикізатты тиімді (өнімді) пайдалану арқасында өңдеуші салалардың өсу қарқыны өндіруші салалардың өсу қарқынынан артық болуы керек;
- ▶ • қалдықсыз, аз қалдықты технология және табиғатты қорғау құрылымдарын қолдану қарқыны табиғатқа нұқсан келтіруші салалардың өсу қарқынынан басым болуы керек;
- ▶ • табиғат байлығын қалпына келтіру шараларының дамуы табиғат байлығын өндіруші салалардың өсуінен кем болмауы керек;
- ▶ • табиғатты қорғауға жұмсалатын қаржының өсу қарқыны барлық материалдық өндіріске жұмсалатын қаржының өсу қарқынынан артық болуы керек.

Табиғи ресурстарды экономикалық тұрғыдан бағалау әдістері.

- ▶ Табиғат пайдаланудың мағынасы табиғат байлығын адамның қызметіне, оның белгілі бір тұтыну қажетін өтеуге жарату болып табылады. Осыған сәйкес өндіргіш күштердің белгілі даму дәрежесін игеруге болатын және экономикалық мәні бар, өндіріс қатынастарына тікелей араласатын немесе пайдалануы мүмкін табиғи заттар мен күштерді табиғат байлығы деп білеміз.

- ▶ Қазір табиғат байлығын экономикалық бағалау не үшін керек, қайда қолданылады, десек төмендегі негізгі бағыттарды атау керек:
- ▶ 1) ұлттық байлықты есептеу;
- ▶ 2) табиғат байлығын игерудің оптималды мерзімін анықтау, қай түрін, қандай кезекпен, қанша мерзімде игеру қажеттігін анықтау;
- ▶ 3) ренталық табыстарды (пайданы) және төлемдерді анықтау;
- ▶ 4) өндіру салаларының өнімдерінің өзіндік құнын, бағасын дұрыс есептеу;
- ▶ 5) табиғат байлығын пайдаланушы кәсіпорындардың шаруашылық есеп мүмкіндіктерін есептеу;
- ▶ 6) жеке экономикалық аймақтардың экономикалық мүмкіндіктерін есептеу және болжау;
- ▶ 7) табиғат байлығын пайдалануды болжау, жобалау және жоспарлау;
- ▶ 8) жеке кәсіпорындарды жобалау және экономикалық тұрғыдан жобаны дәлелдеу;
- ▶ 9) арендалық, концессиялық тағы басқа төлемдерді есептеу;
- ▶ 10) табиғат байлығын игергенде табиғи ортаға келетін экономикалық зиянды есептеу және табиғат қорғау шараларының экономикалық тиімділігін бағалау.

Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау түрлері



Назарларыңызға рахмет!